

Алмаганбетова Айгуль Турмахновнаның 8D07501 - «Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дарежесін алу ушін ұсынылған «Көп дәнді үн шикізатынан жасалған коэкструдирленген өнімдер өндірісі технологиясының нормативтік қамтамасыздануы» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына

### РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТИҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жарап нұсқаларының бірін сыйзу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номірін көрсету);</p> <p><b><u>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</u></b></p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Диссертацияның тақырыбы: «Көп дәнді үн шикізатынан жасалған коэкструдирленген өнімдер өндірісі технологиясының нормативтік қамтамасыздануы». 2020 жылғы қазан айының 28-ші жұлдызында бекітілген (№104-Д бұйрық).</p> <p>Диссертациялық жұмыста 2012-2014 жылдарда орындалған «Отандық көп дәнді шикізаттан жоғары деңгейдегі дайындықтагы өнімдерді өндіру технологиясын жасау» және 2015-2017 жылдарда орындалған «Жеміс-жидек және етсүт салмалы жоғары дәрежелі дайындығы бар экструдирленген көп дәнді тағамдар өндіру технологиясын жасау» атты грандтық жобалардың нәтижелері ішінәра пайдаланылған. Аталған грандтық жобаларга диссертациялық жұмыстың авторы Алмаганбетова А.Т. орындаушы болып белсенді араласқан.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <b><u>косады/коспайды</u></b> , ал оның маңыздылығы <b><u>ашылған/ашылмаған</u></b> .	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <b><u>косады</u></b> , ал оның маңыздылығы <b><u>жасақсы ашилған</u></b> . Автордың жеке үлесі жұмыстың теориялық және эксперименттік бөлігін жузеге асырудан, әдеби деректерді талдаудан тұрады. Автор ғылыми нәтижелерді қорытындылады және ғылыми жарияланымдар түрінде рәсімдеді, жасалған өнімдерге өндірістік сынақ жүргізді, жаңа өнімнің нормативтік құжаттамаларын әзірледі.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Диссертация жоғарғы деңгейде

			<p>1) <b><u>жоғары;</u></b>          2) орташа;          3) төмен;          4) өзі жазбаган.</p>	<p>орындалған. Диссертациялық жұмыс талапқа сәйкес рәсімделген және жоғары деңгейде мемлекеттік тілде сауатты жазылған. Диссертация авторының жеке қатысуымен ауқымды гылыми-тәжірибелік зерттеулер жүргізілген және гылыми мақалалар Халықаралық және республикалық деңгейдегі басылымдарда жарық көрген. Диссертант алдына қойылған міндеттерді толықтай орындаған, нақты нәтижелерін көрсете білген.</p>
4.	Ішкі принципі	бірлік	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) <b><u>негізделген;</u></b>          2) ішінара негізделген;          3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертация тақырыбының өзектілігі негізделген, сонымен қатар диссертациялық жұмыстың маңыздылығы мен өзектілігінің гылыми-тәжірибелік тұжырымдамасы (концепциясы) негізделген, диссертацияда келтірілген төрт тараулар жұмыстың гылыми және практикальқ нәтижелерін көрсетеді және олар ішкі біртұстарынан практикада ие, сонымен қатар алға қойған мақсаттарға жету үшін, қажетті тапсырмалар мен міндеттерді шешуге, эксперименттерді жоспарлауга және жүргізуге, алынған нәтижелерді статистикалық өндеге негізделген.</p> <p>Дайындық дәрежесі жоғары коэкструдирленген көп дәнді өнімдердің биологиялық белсенді заттары туралы, өнімдерді физиологиялық функционалдық ингредиенттермен байыту туралы тереңірек гылыми-техникалық және практикалық білімдер алынған. Бұл нәтиженің өз кезегінде әлеуметтік-экономикалық әсер тұзызатын өсіне инвестицияланған қарастырылуын ақтайдын сауықтыру және емдік-профилактикалық қасиеттерге ие нәтижесе екенін айтудың орынды.</p> <p>Казіргі уақытта халықтың саны өсуіне, кәсіпкерлік пен бизнестің белсенді дамуына байланысты тұтынуышылардың рациондарында тез дайындалатын (пайдалануға</p>

		<p>дайын) азық-түлік өнімдерінің улесі, сондай-ақ дәнді дақылдар негізінде гиеталық, емдік-профилактикалық, сауықтыру өнімдерінің ролі күрт артуда. Ақызга және гиеталық талшықта бай жылдам дайындалатын тағамдарға деген қажеттілік артты. Сондықтан, мұндағы қалыптасқан жағдай, осы сала бойынша нормативтік-техникалық құжаттама әзірлеудің өзектілігін туғындағы.</p>	
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындаиды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>айқындаиды;</b></li> <li>2) ішінара айқындаиды;</li> <li>3) айқындаамайды.</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толығымен айқындаиды және алға қойған міндеттерден туындаған.</p>	
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>сәйкес келеді;</b></li> <li>2) ішінара сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді.</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен одан туындаитын міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді.</p>	
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>толық байланысқан;</b></li> <li>2) ішінара байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ.</li> </ol>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы өзара логикалық жағынан толық байланысқан. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері бір-бірімен тығыз байланысқан, зертханалық жағдайда жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі репортімен зерттеу жасалып, баяндалып, қортындыланған.</p>	
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>сыни талдау бар;</b></li> <li>2) талдау ішінара жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</li> <li>4) талдау жоқ.</li> </ol>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) осы уақытқа дейінгі жүргізілген зерттеулермен салыстырылып, сынни талдау жасалып, зерттелген.</p>	
5.	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>толығымен жаңа;</b></li> <li>2) ішінара жаңа (25-75%)</li> </ol>	<p>Ғылыми деректер мен диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер және ережелер жаңа (90%) болып табылады.</p>

	<p>жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>		
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыста атқарылған зерттеулер нәтижелерінің қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Оған төмен де келтірілген мәліметтер дәлел бола алады:</p> <p>Коэкструдирленген өнімді өндіру кезінде шикізат пен дайын өнімнің сапалық сипаттамасы зерттелген. Алынған деректерді талдау шикізат пен дайын өнімнің тағамдық құндылығы жоғарылағанын, ал тұтынуышылық қасиеттері нарықтағы дайындық дәрежесі жоғары өнімдерден ерекшеленетінін көрсеткен. Алынған мәндер кәсіпорын стандарттарын әзірлеуге негіз бола алған. Сонымен қатар, коэкструдирленген тағам өнімдерін өндіруге арналған технологиялық регламент әзірленген. ТР коэкструдирленген азық-түлік өнімдерін өндіруді ұйымдастыруға және шыгарылатын өнім ассортиментін кеңейтуге мүмкіндік беретіні сөзсіз.</p> <p>Тағам өнімдерінің кең ассортиментін өндіруге мүмкіндік беретін көп дәнді өнімдер өндіру бойынша жүргізу үшін технологиялық схемасы (аппаратуралық схема ұсынылған) әзірленген.</p> <p>Қазақ тағамтану институты базасының жағдайында өндірістік сынақтар жүргізіліп, акт жасалып, мақұлданған.</p>	
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа);</u></p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері ішінара жаңа және гылыми деректерге негізделген болып табылады. Диссертацияны орындау барысында қабылданған технологиялық шешімдер толығымен жаңа және зерттеулер нәтижелерімен негізделген.</p>	
6.	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық қорытындылар гылыми тұрғыдан</p> <p>негізгі қорытындылар гылыми қарағанда</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары нәтижелерімен, дәлелдемелермен гылыми тұрғыда</p>

		<p>ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b>/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p><b>негізделген.</b> Гылими-әдістемелік деңгейі жоғары.</p>	
7.	Корғауга шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>дәлелденді;</b></li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбеді;</li> <li>4) дәлелденбеді;</li> <li>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</li> </ol> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) <b>жок;</b></li> <li>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды еkenін тексеру мүмкін емес.</li> </ol> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>ия;</b></li> <li>2) жок;</li> <li>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</li> </ol> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тар;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) <b>кең</b></li> <li>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</li> </ol> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>ия;</b></li> <li>2) жок</li> <li>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</li> </ol>	<p>7.1 Корғауга шығарылған барлық қагидаттар толық дәлелденген.</p> <p>7.2 Диссертациялық жұмыста қорғауга шығарылған барлық қагидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3 Диссертациялық жұмыста қолданылған әдіс-тәсілдер, зерттеу нәтижелері және қоргалатын ережелер жаңа болып табылады.</p> <p>7.4 Диссертация жұмыс аясында алынған нәтижелер кеңінен қолданылған.</p> <p>7.5 Алынған нәтижелердің бәрі ғылыми мақалаларда толық дәлелденген.</p>	
8.	Дәйектілік қагидаты. Дереккөздер үсінілған ақпараттың дәйектілігі	мен	<p>8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>ия;</b></li> <li>2) жок.</li> </ol>	<p><b>Ия</b></p> <p>Зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қолданылған әдістемелер дұрыс таңдалып алынған және нақты жасағылған. Зерттеу әдістерінің дұрыс таңдалынып алынуы көздеңген мақсатқа жетуде ықпалы зор болып</p>

			отыр.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ија;</u> 2) жок.	<b>Ија</b> Диссертациялық жұмыста келтірілген ғылыми ақпараттар мен нәтижелердің дәйектілігі ғылыми-методологиялық және әдістемелік материалдармен, қолданылған заманауи құрап-жабдықтармен дәлелденген.  <b>Диссертация</b> жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.	
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ија;</u> 2) жок.	<b>Ија</b> Диссертациялық жұмыстың барлық тұжырымдары зерттеулермен негізделген, өндірістік сынаптардың актілерімен расталған және дәлелденген.  Көп дәнді ұн шикізатынан жасалған коэкструдирленген өнімдер өндіру технологиясы инновациялық үлесті білдіреді.	
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара <b>расталған</b> / расталмаған.	Диссертациялық жұмыста нақты, маңызды ғылыми-тәжірибелік мәлімдемелер келтірілген және олар сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасасау арқылы расталған.	
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз.	Диссертациялық жұмысты жазу барысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга <b>жеткілікті</b> .  Пайдаланылған әдебиеттер тізімі – 150.	
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар;</u> 2) жок.	<b>Ија</b> Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Қазақстан Республикасындагы көп дәнді ұн шикізатынан жасалған

		<p>коэкструдирленген стандарттаудың мәселелерін қарастыра отырып, еліміздегі стандарттау саласының даму жоспарын талдап, ұсынылып отырган дайындық дәрејесі жоғары жеміс-жидек салмасы бар коэкструдирленген өнім өндіру технологиясының нормативтік базасындағы мәселелерді табу жоспарланған.</p>
	9.2	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>иля;</u></li> <li>2) жок.</li> </ol>
	9.3	<p>Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа;</u></li> <li>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</li> <li>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</li> </ol>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>жоғары;</u></li> <li>2) орташа;</li> <li>3) орташадан төмен;</li> <li>4) төмен.</li> </ol>
11.	Диссертацияға ескертулер	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Диссертация мәтінінде кейбір сәтсіз құрылған сөйлемдер мен сөз тіркестері, грамматикалық қателіктер кездеседі.</li> <li>2. Диссертациялық жұмыстың соңында көрсетілген пайдаланылған әдебиеттер тізімінде кейбір әдебиеттердің беттік санында қате кеткен.</li> <li>3. Диссертациялық жұмыста дайын өнімнің микробиологиялық көрсеткіштері бойынша жасалған анализдерінің актілері қосынышада келтірілмеген.</li> </ol> <p>Кез-келген гылыми жұмыс ескертулерсіз болмайды, әрі ол зерттеу маселесіне деген сыртқы көзқарас екенін ұмытпағанымыз жөн. Оның устіне берілген ескертулер мен ұсыныстар принципалдық</p>

		<p>сипатқа ие емес және жүргізілген ғылыми жұмыстың жалпы концепциясына, маңыздылығына және ғылыми жағалығына қайшы келмейді.</p> <p>Жалпы, диссертация сауатты, дәйекті түрде жазылған және жақсы әсер қалдырады. Диссертацияның өзектілігі күмән тудырмайды. Диссертациялық жұмыстың жазылуы мен безендірілуіндегі бұл көрсетілген техникалық кемшіліктер оңай түзетілетін болғандықтан, олар орындалған жұмыстың жалпы құндылығын төмендетпейді.</p>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында корғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	<p>Алмаганбетова Айгуль Турмахановнаның диссертация бойынша жазылған мақалаларының ғылыми деңгейі зерттеу тақырыбы бойынша сәйкес келеді.</p> <p>Диссертация тақырыбы бойынша 6 ғылыми жұмыс жарияланған, оның ішінде <i>Potravnarstvo Slovak Journal of Food Sciences</i> (cite score 2022 - 2,5, процентиль - 44) және 1 Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар мен 4 КР ЕЖБМ ЕЖБССҚҚ құрамына кіретін мерзімді басылымдарда.</p>
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	<p>Алмаганбетова Айгуль Турмахановнаның «Көп дәнді ұн шикізатынан жасалған коекструдирленген өнімдер өндірісі технологиясының нормативтік қамтамасыздандыруы» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы қойылған талаптарға сай келеді, 8D07501 — «Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайықты деп есептеймін.</p>

#### РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТ:

Алматы технологиялық университеті,  
«Астық өнімдері және қайта өндеу  
өндірістерінің технологиясы» кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры

(колы/тегі, аты-жөні)

Изембаева А.К.

Мерзімі «07» 02 2025 жыл

